

«Келісілді»
«Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ны басшысы
міндетін атқарушы
А.Б. Чалқаров

Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорыны қызметкерлерін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 3-тоқсандағы түсіндіру іс-шараларының отырысының

№3-ші ХАТТАМАСЫ

Шымкент қаласы

10 қыркүйек 2025 жыл

Төрайымы: Аймаханбетова Д– кәсіпорында 14-бөлім меңгерушісі;
Хатшы: Едіге Ж - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман
Қатысқан адамдар саны: 29 (бөлім меңгерушілер және жауапты қызметкерлер мен жұмысшылар)

Өткізу уақыты: 12-00
Өткізу орны: мәжіліс зал

Күн Тәртібінде:

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»
(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16-бабы)**

**«Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже»
(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы)**

Тыңдалды: Едіге Ж компленас-офицері, сөз сөйлеп түсініктеме берді:
Түркістан облысының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК 2023 жылдың 20 сәуірде №88 н/қ бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет функцияларын орындайтын жауапты тұлға тағайындалды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді және беделін жоғалтуды қамтамасыз ететін ішкі нормативтік құжаттармен регламенттелген қағидалар мен рәсімдерді сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция.

Комплаенс-қызмет кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерінен тәуелсіз, басшыға бағынышты және жауапты құрылым болып табылады, сондай-ақ қызмет кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдауда және іске асыруда тәуелсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері қызметінің негізгі мақсаты кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Барлық қызметкерлер арасында ашықтықты, адалдықты қамтамасыз ететін және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарына, ішкі саясаттары мен заңнамаларына сәйкес бейтарап және объективті бақылау мен қадағалау жүргізу үшін жағдайлар жасайтын кәсіпорынның ішкі корпоративтік мәдениетін қалыптастыру.

Комплаенс-офицерінің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Іскерлік әдеп кодексіне, Жарғыға, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартқа және қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері өз өкілеттігін атқарушы органға, кәсіпорынның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады және кәсіпорын басшысына есеп береді.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығымен квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже бекітілген. Осы Үлгілік ереже квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындайды.

Осы Үлгілік ережесінде өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) кәсіпорын және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялылығын сақтайды;

2) кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;

3) кәсіпорындағы директорлар кеңесін, байқау кеңесін (ол болған кезде) немесе өзге де тәуелсіз басқару органын, ал көрсетілген органдар болмаған жағдайда, кәсіпорынның басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы

заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;

5) кәсіпорынның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптылығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өткізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді және де сұрау салу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қосымша ақпараттарды жібереді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді және құқық бұзушылықтарды жою немесе болдырмау мақсатында жүргізілген іс-шараларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ережелер, бұйрықтар және өткізілген іс-шаралар ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

Жиын соңында заңгер Б.Махан және кадр бөлімінің бастығы А.Агманова сөз алып, қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеуді және алдын алу мақсатында өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 3 тоқсандық түсіндірме жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

Төрайымы:  Аймаханбетова Д

Хатшы:  Едіге Ж





